

Өрттің алдын-алу айлығын өткізу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай ауданы әкімінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 50-1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 мамырда N 1239 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 569 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007.04.18 N 569 хатымен.

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" заңының 8, 15, 20 баптарына сәйкес, аудан ауылдарындағы өрт қауіпсіздіктерін күшейту, ауылдық әкімдіктері аппараттарының қызметкерлерін өрттің алдын-алу бойынша техникалық ұйымдастыру жұмыстарына тарту, тұрғындардың арасында тұрмыстағы өртке қарсы шараларды насихаттау мақсатында,

Ш Е Ш Е М І Н :

1. 2003 жылғы сәуірдің 1-нен мамырдың 1-не дейін және 2003 жылғы қазанның 1-нен желтоқсанның 1-не дейін ауылдық округтері арасында өрттің алдын-алу шаралары жөнінде айлық жариялансын.

Аудандық айлық жөнінде Ереже бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Өрттің алдын-алу жағдайы бойынша айлықтың қорытындысын шығару үшін комиссия бекітілсін (N 2 қосымша).

3. Өрттің алдын-алу айлығының шарты бойынша жеңімпаз атанған ауылдық округ әкімдерін марапаттау үшін, үш жүлделі сыйлық белгіленсін

- | | | | | |
|----|---------|--------|------|-------|
| 1) | бірінші | сыйлық | 5000 | теңге |
| 2) | екінші | сыйлық | 3000 | теңге |
| 3) | үшінші | сыйлық | 2000 | теңге |

көктемгі және күзгі айлықтарға сыйлықтар жеке-жеке тағайындалсын.

4. Аудандық қаржы бөліміне (Сқақова М.Ж.) төтенше жағдайларды жою мен алдын-алуға жоспарланған ақша қаражатынан 20000 теңге (жиырма мың теңге) жүлдегерлерді марапаттау үшін бөлінсін.

5. Ауылдық округ әкімдеріне өрттің алдын-алу айлығын өткізу және оған дайындалу кезінде ұйымдар мен мекемелер басшыларының, сондай-ақ ауыл тұрғындарының ұйымшылдықпен қатысулары камтамасыз етілсін.

6. Аудандық білім беру бөліміне (Баталов Б.Ж.) мектеп мекемелерінде өрттің алдын-алу айлығын өткізу бойынша оқыту бағдарламасының жүргізілуі

камтамасыз етілсін. әрбір мектептерде өрт қауіпсіздігі бойынша бұрыштар мен қабырға газеттері ресімделсін.

7. Аудандық ішкі істер бөліміне (Тоқжігітов С.Қ.), кәсіптік өрт сөндіру бөліміне (Панюков Д.В.) 2003 жылғы 20-шы мамырға дейін, жағдайлары төмен отбастарын есепке алу, мекен жайы жоқ азаматтарды айқындауды бақылауға алу бойынша бірлескен іс-шаралар әзірленсін. Көрсетілген адамдарды айқындау бойынша бірлескен рейдтер ұйымдастырылсын.

8. Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңының 20-шы бабының орындалуына байланысты, өрт бөлімінің бастығы Д.В.Панюковқа, аудандық газеттің редакторы А.Қ.Қожахметовқа, АТТ бастығы Б. Қ. Момынжановқа тұрмыста және өндірісте өрт жағдайлары мен өрт қауіпсіздігі шараларын жариялайтын ақпараттар, өтеусіз негізде мерзімдік басылымдар ұйымдастырылсын.

9. Ауылдық округ әкімдеріне, меншік нысандарына қарамастан ауданның мекемелері мен ұйымдары басшыларына 2003 жылғы 1-ші мамырға дейін өрт қауіпсіздігі ережесінің сақталу шаралары туралы қабырға газеттері мен насихаттау материалдарын дайындап, оларды орналастыру ұйымдастырылсын.

10. Ауылдық округ әкімдеріне атқарған жұмыстардың қорытындысы 2003 жылғы 5-ші мамыр мен 2003 жылғы 5-ші желтоқсанда хабарлансын.

11. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі көмекшісі Т. Н. Глазинскийға жүктелсін.

12. Осы шешімнің қабылдануына байланысты, аудан әкімінің осы мәселе жөніндегі 2002 жылғы 01 сәуірдегі N 12-1 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Аудан әкімі
Бесқарағай ауданы әкімінің
2003 жылдың 28 наурызындағы
N 50-1 шешіміне
N 1 қосымша

Өрт қауіпсіздігі айлығы туралы ЕРЕЖЕ

1. Айлықтың негізгі мақсаты аудан көлемінде орналасқан азаматтардың жеке меншігін және мемлекеттік меншігін қорғау болып табылады. Айлықтың мақсаты өрттің алдын-алу нормаларын тиімді түрде жүзеге асыру,

тұрғын үйлердегі өртті болдырмау, мемлекеттік қоғамдық ғимараттарда өртке қарсы техникалық ұйымдастыру шаралары, соған орай қоғамды, халықты, мектеп оқушыларын өрттің алдын-алу шараларына жұмылдыру.

Өрт сөндіргіш техникаларының 2003 жылғы мерзімге жарамдығын тексеру.

2. Айлықты ұйымдастыру мен өткізу.

Өрт қауіпсіздігі айлығын ұйымдастырып, өткізу үшін аудандық комиссия құрылады, комиссия мүшелері болып өрттің алдын-алу шараларын жүзеге асыратын және оны аудан ауылдарында айлықты насихаттауды жүзеге асыратын, оны ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізетін, өрттен қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастырумен айналысатын қызметкерлер саналады. Комиссия айлық өткізу шартын әзірлейді және осы жөнінде ауылдық округ әкімдерінің жұмысын қорытындылайды.

Атқарылған жұмыс жөнінде ауылдық округ әкімдері 2003 жылдың 1-ші мамырынан 1-ші желтоқсанына дейін аудандық әкімдіктегі төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияға ақпарат береді.

3. Өрт қауіпсіздігі айлығының шарты.

Айлық жеңімпазы деп, аудан ауылдарындағы өрттерді алдын-алу жөніндегі жұмыстарда жоғары көрсеткіштерге жеткен және төмендегі шарттарды қамтамасыз еткен ауылдық округ әкімдерінің аппараттары есептеледі:

1) тұрғын үйлерге арналған өрт қауіпсіздігі Ережесін, Мемлекеттік өртті бақылау органдарының ұйғарымын, комиссия мүшелерінің ұсыныстарын мұлтсіз орындауын;

2) қоғамдық ғимараттармен, тұрғын үйлерді өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етуі;

3) сумен жабдықтау құралдарын, оның ішінде жөнделген өртке арналған су айдындарын, гидранттарды, су қоймаларын, құдықтарды, қосалқы су бөшекелерін жұмыс қалпына келтіруі;

4) қоғамдық ғимараттар мен тұрғын үйлерде өрттің алдын-алу іс-шараларын жүргізу, қайта салу, жөндеу жұмыстарын, дәнекер жұмыстарын жүргізген кезде өртті болдырмау шараларының қатаң сақталуы;

5) өрттің алдын-алу жөніндегі нұсқама өткізу оны ұйымдастыру, тұрғындармен, қоғамдық ұйымдармен әңгіме өткізу, оның ішінде радио, газет бетінде өртті болдырмау жөнінде мақалалар жариялау, мектептер мен ұйымдарда сол жөнінде лекция оқып, әрбір үйде әңгіме өткізу жолына адамдарды оқыту;

6) ауылдық округтері ауылдарындағы тұрғын үй секторлары мен шаруашылық объектілеріне бекітілген өрттің болмауы;

7) өртті сөндіру мақсатында жұмылдырылған өз ара күш құралдардың толық жоспары;

8) өртті сөндіруге арналған өрт сөндіру техникалары мен олардың іріктелуі;

9) округ ауылдарындағы ДПД-ның саны мен ол туралы өрт-тактикалық с а б а ғ ы н ө т к і з у ;

10) өрт сөндіру мақсатына арналған жанар-жағар майлардың қосымша қоры;

11) өрт сөндірудің тірек пункттері және Қазақстан Республикасы үкіметінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 430 "Төтенше жағдайлар бойынша Қазақстан Республикасы Агенттігінің Мемлекеттік өрттен қорғау қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы" қаулысының 8 тармағы бойынша оларды техникамен және өрт сөндіру-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету.

4. Өрттің алдын-алуды бағалау әдісі:

Тұрғын үйлердің, қоғамдық ғимараттардың өрт қауіпсіздігі жағдайы мына көрсеткіштер бойынша бағаланады:

1) өрт қауіпсіздігі міндеттерін орындау,
2) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық ұйымдастыру шараларын орындау көлемі;

3) халықтар арасында жүргізілетін өрт қауіпсіздік ережелері бойынша жалпылық-ұйымдастырылатын жұмыстардың жағдайы;

4) тұрғын үйлерде үй иелерімен әңгімелер мен нұсқамалар жүргізу және оларға өрт қауіпсіздігі ережесін оқыту;

5) ұйымдар мен мекемелерде өртке қарсы қауіпсіздігіне жауап беретін тұлғалар туралы бұйрықтардың сандары;

6) өрт сөндіру техникаларының саны, жағдайы және ахуалдығы, заң бойынша өрт сөндіруге оны қатыстырылуы (техника иелерімен шарт жасасу).

Бағалау ұпайлық жүйе бойынша жүргізіледі.

5. Өрт қауіпсіздігі ережесін орындаған ауылдық округ әкімдері 30 ұпайдан алады. Өрт қауіпсіздігі талабының әрбір орындалмауы үшін 2 ұпайдан алынады.

6. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру шарасының орындалған көлеміне ұпай мөлшері төмендегі көрсеткіштерді орындағандары үшін беріледі:

1) ауылдық округ әкімдері аппараттарының ғимараты, тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар нұсқаулармен, жаднама, өрт қауіпсіздігі белгілерімен толық қамтамасыз етілген -3 ұпай;

2) әкімшілік ғимараттары, тұрғын үйлер өртке қарсы тәртіптің сақталуы бойынша ережелер мен нұсқаулардың талаптарына сәйкес келетіні үшін-8 ұпай;

3) эвакуациялау жолдары көрсеткіштермен және электрлік жарықтармен қамтамасыз етілгендері үшін-3 ұпай;

4) өрт гидранты ахуалды қалпына келтірілгені және көрсеткіштері бар болғаны үшін - 3 ұпай;

5) өрттің су тартқысы және оған келуі үшін -5 ұпай;

6) техника жабдықтарының жағдайлары үшін -10 ұпай;

7) өрт қауіпсіздігі бұрышының жабдықталуы, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулар өткізіліп, қолдар қойылған.

*Аудан әкімінің АҚ және ТЖ жөніндегі
көмекшісі міндетін атқарушы*

2003 жылдың Бесқарағай ауданы әкімінің
28 наурызындағы
N 50 - 1 шешіміне

N 2 қосымша

**Өрттің алдын-алу айлығының қорытындысын
шығару комиссиясының
ҚҰРАМЫ**

Баймулдинов Ондасын Дәулетович	аудан әкімінің орынбасары, төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссияның төрағасы, комиссия төрағасы
Глазинский Тимофей Николаевич	азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі аудан әкімінің көмекшісі міндетін атқарушы, комиссия хатшысы
Панюков Дмитрий Валерьевич	54-өрт бөлімінің бастығы
Қазакпаев Дулат Төлегенович	аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары
Яременко Иван Петрович	құрылыс жөніндегі аудан әкімі аппаратының бас маманы

*Аудан әкімінің АҚ және ТЖ жөніндегі
көмекшісі міндетін атқарушы*